



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 28 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ  
2009 ЖЫЛҒЫ 04 ҚАРАША

**Кредит нарығын дамытудың сапалы  
өлшемдері туралы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ағымдағы жылдың қазан айында банктердің өкілдерімен кейіннен сұхбат жүргізе отырып сауалнама нысанында «Кредит нарығының жай-күйі және өлшемдерінің болжамы» атты екінші деңгейдегі банктерге кезекті тексеру жүргізді. Банктер ұсынған нәтижелер кредит нарығының төмендегідей сапалы үрдістері туралы куәландырады:

**Ағымдағы жылдың 3-тоқсанында корпоративтік секторды кредиттеу нарығында сұранысты тұрақтандыру байқалды.** Мәселен, сұраныстың өзгермейтіндігі туралы мәлімдеген респонденттердің үлесі 2009 жылғы 2-тоқсандағы 52%-дан 73%-ға дейін өсті. Сұраныстың төмендегенін атап өткен респонденттердің үлесі 18%-дан 12%-ға дейін қысқарды.

Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда жеке тұлғаларды кредиттеу бөлігінде ипотекалық кредиттеу бөлігінде сұраныстың ұлғаюын атап өткен респонденттер санының біршама өсуі байқалады.

**Алдыңғы тоқсанда шарықтау шегіне жеткен банктердің кредиттік саясатты қатаңдату процесі қарқындылығы жағынан шамалы болды.** Шамамен респонденттердің 15%-ы ғана заңды тұлғаларға қатысты кредиттік саясатты шамалы қатаңдату туралы куәландырады, ал респонденттердің басым бөлігі кредиттік саясатты бұрынғы деңгейінде қалдыруға ниет білдірді. Банктердің өкілдерінің көпшілігі сұхбат беру барысында банктердің кредиттік саясатының қазіргі уақытта барлық өлшемдер бойынша іс жүзінде барынша қатаңдатылғанын және оны әрі қарай қатаңдату мақсатқа сай еместігін мәлімдеді. 3-тоқсанда саясатты қатаңдату жағына қарай айтарлықтай емес өзгерістер, бірінші кезекте, кредиттеудің тәуекелді бағыттарына және барынша тәуекелді заемшыларға жатқызылды.

Респонденттердің көпшілігі сондай-ақ 3-тоқсанда жеке тұлғаларға қатысты кредиттік саясатты өзгеріссіз қалдырды. Корпоративтік секторды кредиттеу кезінде пайдаланылатын кредиттік саясатты жүргізу қағидаттары жеке тұлғаларды кредиттеу кезінде де барынша белсенді пайдаланылатынын атап өткен жөн. Атап айтқанда, салалық тәуекелді бағалау барынша қарқынды пайдаланылатын болды: тұрақсыз сипаты бар бірқатар кәсіптердің өкілдері үшін кредитті алу барынша қиын болды.

**Ағымдағы жылдың 4-тоқсанында банктер кредит нарығының шамалы жандануын күтуде.** Мәселен, сауалнама жүргізілген банктердің 45%-ы заңды тұлғалар тарапынан кредиттік ресурстарға сұраныстың өсуін күтуде, респонденттердің 44%-ы тұтынушылық кредиттеуге, респонденттердің 28%-ы ипотекалық кредиттеуге сұраныстың шамалы ғана өсуін күтуде.

**Респонденттер ағымдағы тоқсанда кредиттік тәуекелдің өсуі барынша сезілгенін атап өтті (68%). Өтімділік тәуекелінің (20%) және валюталық тәуекелдің (17%) өсуі одан аз көрініс тапты.**

**Несие портфелінің сапасына қатысты теріс күтулері бар респонденттер үлесінің төмендегенін атап өткен жөн.** Мәселен, респонденттердің 37%-ы несие портфелі сапасының одан әрі шамалы нашарлауын күтуде және респонденттердің 49%-ы көрсеткіштің өзгеріссіз қалатынын болжап отыр, ал алдыңғы тоқсанда несие портфелі сапасының нашарлауын респонденттердің 46%-ы күткен болатын. Корпоративтік секторды және жеке тұлғаларды кредиттеу бөліктері бойынша тиісінше 32% және 33% портфель сапасының нашарлауын күтуде, 53% және 57% портфель сапасының бұрынғы деңгейде қалатынын күтуде.

Портфель нашарлауы қарқындарының төмендеуі туралы жанама түрде сондай-ақ қайта құрылымдау және кепілдікті мүлікті өндіріп алу процестері куәландырады. Мәселен, осы операциялар қарқындылығының шарықтау шегі ағымдағы жылдың 2-тоқсанына сәйкес келді. Зерттеліп отырған кезеңде қайта құрылымдалған заемдардың және кепілдікті мүлікті өндіріп алу санының өсу қарқыны, банктердің куәландыруы бойынша, біршама төмендеді – бұл заңды тұлғаларға, сол сияқты жеке тұлғаларға берілетін заемдарға тең дәрежеде қатысты.

Тұтастай алғанда, қазіргі уақытта банктер сапасын жақсарту бөлігінде болашағы бар заемшылардың кредиттерін «құтқаруға» және сапасы, болжамды түрде, қайта құрылымдау жүргізілгеннен кейін жақсармайтын заемдар бойынша шығындарды тануға және кепілдерді иеліктен айыруға әкеп саятын тактикаға біртіндеп көшеді.

Зерттеу нәтижелері Қазакстан Республикасы Ұлттық Банкінің сайтында ([www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)) «Қаржы тұрақтылығы» бөлімінде орналастырылды.